

**Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының
«Өскемен қаласы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің
қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері
туралы аналитикалық анықтама**

Өскемен қаласы

2020 жылдың 30 желтоқсаны

Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының «Өскемен қаласы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінде Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 8-бабының «Мемлекеттік органдар, ұйымдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілері сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүзеге асырады, оның нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөнінде шаралар қабылдайды» 5-тармағына сәйкес 2020 жылдың 28-30 желтоқсан аралығында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаумен Бөлімнің 2020 жылғы қызмет кезеңі қамтылған.

Алға қойған мақсаттарға қол жеткізу үшін Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының «Өскемен қаласы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі 8 міндеттер пен 37 қызметтер атқарады.

Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының «Өскемен қаласы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі басшысының м.а. 2020 жылдың 12 тамызынан бастап Сауле Бауржановна Алагузоваға жүктелген (Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы басшысының 2020 жылғы 12 тамыздағы № 165 бұйрығы).

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау келесі бағыттар бойынша өткізілді:

- 1) нысанның қызметіне қатысты нормативтік құқықтық актілерді анықтау;
- 2) нысанның ұйымдастыру-басқару қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерді анықтау.

**I. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының
«Өскемен қаласы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің қызметіне
қатысты нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық
тәуекелдерді анықтау**

Дискрециялық уәкілеттіктердің ауқымдылығы

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу барысында білім бөлімінің қызмет аясын реттейтін нормативтік құқықтық актілерге (бұдан әрі - НҚА) қатысты сипатты және маңызды сыбайлас жемқорлық тәуекелдер анықталған жоқ.

«құқылы» тұжырымдамасы бойынша құзыретін анықтау

Білім бөлімінің құзыретін уәкілеттіктің тіркеу, рұқсат беру, бақылау және құзыреттік сияқты кез келген түрлеріне жататын «құқылы», «мүмкін» тұжырымдамаларының көмегімен анықтайтын нормативтік құқықтық актілер анықталған жоқ.

Құқықтық-лингвистикалық сыбайлас жемқорлық

Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының «Өскемен қаласы бойынша білім бөлімі» ММ қызмет аясына қатысты нормативтік-құқықтық актілерді сыбайлас жемқорлыққа талдау барысында төмендегідей факторлар ескерілді:

- заң шығарушы органның әртүрлі түсіндірулерге, сондай-ақ әртүрлі терминдермен бірдей құбылыстарды белгілеуге мүмкіндік беретін түсініксіз, белгісіз мазмұны бар анық емес немесе анықталмаған терминдерді, ұғымдар мен тұжырымдарды, бағалау категорияларын қолдануы;

- құқықтық жауапкершілік мәселелерін реттейтін нақты емес нормалар, құқық қолдану субъектісі белгілі бір шешімдерді қолдануға құқылы болатын жағдайлар анық көрсетілмеген. Мұндай тіркестер "қажет болған жағдайда", "ерекше жағдайларда" болуы мүмкін";

- сыбайлас жемқорлық факторларының маркерлері, оларда заң-лингвистикалық белгісіздіктің болу мүмкіндігін көрсетеді. Мұндай белгісіз бірліктерге "не", "көп емес", "кем емес", "болуы мүмкін" жатады.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңын талдау барысында (11.07.2017 жылғы жағдай бойынша өзгертулер және толықтырулармен) құқықтық-лингвистикалық белгісіздіктер анықталды:

31 баптың 3 тармағы. Он алты жасқа дейінгі балаларды орта білім беретін мемлекеттік ұйымдардан шығаруға құқыққа қарсы әрекеттер жасағаны, білім беру ұйымдарының жарғысын өрескел және бірнеше рет бұзғаны үшін білім беру ұйымы мемлекеттік басқару органының шешімі бойынша ерекше жағдайларда рұқсат етіледі.

47 баптың 18 тармағы. Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің міндеттерін бұзғаны үшін оларға ішкі тәртіп қағидаларында және білім беру ұйымының жарғысында көзделген тәртіптік ықпал ету шаралары не білім беру қызметтерін көрсету туралы шартта көзделген өзге де шаралар қолданылуы мүмкін.

Ұсыныс: Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының «Өскемен қаласы бойынша білім бөлімі» ММ жоғары тұрған органға Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңының 31,47 баптарын нақтылау қажеттілігі туралы ұсыныс жасасын.

Білім бөлімінде жеке және заңды тұлғаларды әкімшілік жауапкершілікке тарту мәселесіндегі дискрециялық уәкілеттіктердің болуы.

ҚР Еңбек кодексінің 64 бабының 1 тармағы

Тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін жұмыс беруші қызметкерге қатысты тәртіптік жазаның мынандай түрлерін қолдануға құқылы:

1) ескерту; 2) сөгіс; 3) қатаң сөгіс; 4) осы Кодекстің 52-бабының 1 тармағының 8), 9), 10), 11), 12), 13), 14), 15), 16), 17), 18) тармақтарымен қарастырылған негіздемелер бойынша жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек шартын бұзу.

Осыны ескере отырып, осы дискрециялық өкілеттіктер лауазымды тұлғаның сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға әкеп соғуы мүмкін мінез-құлық және/немесе басқарушылық шешім нұсқасын таңдау мүмкіндігін айқындайтын жағдайлар жасайды деп ойлаймыз.

Ұсыныс: Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының «Өскемен қаласы бойынша білім бөлімі» ММ жоғары тұрған басшылыққа Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде (64 бап) дискрециялық нормаларды жою туралы мәселесін қарастыру туралы ұсыныс жасасын.

II. Екінші бағыт бойынша – ЖАО ұйымдастыру-басқару қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерді анықтау

1) Персоналды басқару, соның ішінде кадрлардың алмасуы

Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының «Өскемен қаласы бойынша білім бөлімі» ММ штаттық саны 01.01.2021 жылғы жағдай бойынша **85,75** бірлікті құрайды.

Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының «Өскемен қаласы бойынша білім бөлімі» ММ жалпы қызметкерлер санынан 2020 жылы жұмысқа қабылданған 32 адам; жұмыстан босатылған 30 адам (*жеке бастамасы бойынша*).

Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының «Өскемен қаласы бойынша білім бөлімі» ММ бос орындар саны - 21 бірлік.

2) Мүдделер қақтығысын реттеу

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 14-бабының 1-тармағына сәйкес жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдар, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдар (өз қызметін тұрақты емес немесе басқа жұмыстан босатылған негізде жүзеге асыратын мәслихат депутаттарын қоспағанда) және мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдар (Қазақстан Республикасының Президенттігіне, Қазақстан Республикасы Парламентінің немесе мәслихаттарының депутаттығына, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдігіне, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқарудың сайланбалы органдарына мүшелікке кандидаттарды қоспағанда), лауазымды адамдар өздерінің жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) және (немесе) жекжаттары атқаратын лауазымдарға тікелей бағынысты болатын лауазымдарды атқара алмайды, сондай-ақ жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) және (немесе) жекжаттары тікелей бағынысында бола алмайды.

Білім бөлімінде құқықтық жалпы оқыту жоспарында жақын туыстардың бірлескен жұмысы жағдайында мүдделер қақтығысын болдырмау және реттеу бойынша "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" ҚР Заңының 15 бабы, 3.1 тармағы, 3.2 тармақшасы талаптарын сақтау туралы қызметкерлерді ақпараттандыру бойынша тұрақты жұмыс жүргізіледі, бұл мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасында қайшылық тудыруы мүмкін, бұл ретте аталған адамдардың жеке мүдделері олардың лауазымдық өкілеттіктерін тиісінше орындамауына әкеледі. Сонымен қатар, мұндай жағдай сыбайлас жемқорлық қаупін тудырады. Жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу барысында Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының «Өскемен қаласы бойынша білім бөлімі» ММ жақын туыскандардың бірлесіп қызмет атқару фактілері анықталған жоқ.

3) Мемлекеттік қызметтерді көрсету:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қыркүйектегі № 983 «Мемлекеттік қызметтер тізілімін бекіту туралы» қаулысына сәйкес білім бөлімі 22 мемлекеттік қызмет түрін көрсетеді.

«Мемлекеттік орта білім беру мекемелері басшыларын орналастыру бойынша конкурсқа қатысу үшін құжаттар қабылдау». Аталған кезеңде 16 қызмет көрсетілген. Аталмыш мемлекеттік қызмет мемлекеттік органның кеңсесі

арқылы көрсетіледі. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі – 20 минут, көрсету нәтижесі қолхат беру.

Өскемен қаласы бойынша білім бөлімімен мектепке дейінгі тәрбие бойынша 2 мемлекеттік қызмет көрсетіледі:

«Мектепке дейінгі жастағы балаларды (6 жасқа дейінгі) мектепке дейінгі балалар ұйымдарына жолдау үшін кезекке қою»;

«Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына балаларды тіркеу және құжаттар қабылдау».

Аталған мемлекеттік қызметтер «INDIGO» порталы арқылы көрсетіледі: Электрондық балабақша (мектепке дейінгі тәрбиелеу мен білім беру саласындағы орталық және жергілікті атқарушы органдардың, мектепке дейінгі ұйымдардың, сонымен қатар басқа да ұйымдар мен азаматтық қоғамның міндеттері мен мемлекеттік қызметтерін автоматтандыру үшін E-ORDA платформасын конфигурациялау).

«Жалпы білім беретін мектептерде білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жеке санаттарын тегін және жеңілдікпен тамақтандыру»

2020 жылы жалпы білім беретін мектептермен оқушыларды тегін тамақтандыру бойынша 366 қызмет көрсетілді, соның ішінде қаңтар 186, ақпан 125, наурыз 55. 2020 жылдың 16 наурызынан бастап карантиндік іс-шаралардың енгізілуіне байланысты мектеп асханалары жабылған болатын, қазіргі уақытта асханалардың қызметтері тоқтатылған.

Қамқоршылық және қорғаншылық органымен отбасы және балалар саласында 10 мемлекеттік қызмет көрсетіледі. Оның 4 электрондық үкімет (e-gov) порталы арқылы көрсетіледі:

Кәмелеттік жасқа толмаған балалардың мүлкіне иелік ету және кәмелеттік жасқа толмаған балаларға мұрагерлік ресімдеу үшін анықтама беру – көрсету мерзімі 3 күн; қамқоршылық және қорғаншылық бойынша анықтама беру – 30 минут; жетім-баланы және (немесе) ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы асырап алуға байланысты біржолғы ақшалай төлемдер тағайындау – 5 күн; балаларды асырап алуға тілек білдірген тұлғаларды есепке қою – 10 күн;

Мемлекеттік корпорация (ХҚКО) немесе электрондық үкімет порталы арқылы 3 қызмет:

Жетім-балаға (жетім-балаларға) немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаға (балаларға) қамқоршылық немесе қорғаншылық белгілеу – 19 күн; жетім-баланы (жетім-балалар) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балалар) ұстауға қамқоршысына немесе қорғаншысына жәрдемақы төлемдерін тағайындау – 1 күн; баланы (балаларды) патронаттық тәрбиеге беру және патронаттық тәрбиешілерге тапсырылған баланы (балаларды) ұстауға ақшалай қаражат төлемдерін тағайындау – 10 күн.

Қызмет алушының жергілікті атқарушы органдарға жүгіну немесе электрондық үкімет порталы арқылы өтініш беру арқылы 1 қызмет көрсетіледі: **баланы (балаларды) асырап алған отбасына тәрбиелеуге тапсыру және оларды ұстауға ақшалай қаражат төлемдерін тағайындау – 10 күн;**

Мемлекеттік корпорация немесе жергілікті атқарушы органдар арқылы 1 қызмет: балаға теріс ықпал ететін ата-аналық құқығынан айырылған ата-аналарға баласымен кездесуге рұқсат беру – 5 күн;

Жергілікті атқарушы органдармен қағаз түрінде 1 қызмет: қамқоршылық және қорғаншылық органымен он жасқа толған баланың пікірін есепке алу туралы шешім беру – 10 күн;

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу үшін құжаттар қабылдау» - 53 қызмет. Аталған мемлекеттік қызмет мемлекеттік органның кеңсесі арқылы көрсетіледі. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі – 20 минут, қызмет көрсету нәтижесі қолхат беру.

Денсаулық жағдайына байланысты ұзақ уақыт бойы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына бара алмайтын балаларға жеке тегін үйден оқыту ұйымдастыру үшін құжаттар қабылдау;

бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарына тіркеу үшін құжаттар қабылдау;

шалғай ауылды мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін ұйымдарға және кері үйге тегін тасымалдау қызметін көрсету;

негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында экстернат түрінде оқуға рұқсат беру;

негізгі орта, жалпы орта білім туралы құжаттардың төлнұсқаларын беру;

балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарында балаларға қосымша білім беру көрсету үшін құжаттар қабылдау және тіркеу;

мемлекеттік білім беру ұйымдарының оқушылары мен тәрбиеленушілерінің жеке санаттарына қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерлерде демалу бойынша қызмет көрсету үшін құжаттар қабылдау және жолдама беру.

Қызмет алушылар тарапынан қызметтер көрсету бойынша арыз-өтініштер түскен жоқ.

3.1 Мемлекеттік қызмет көрсету барысында қызмет көрсетуші мен қызмет алушы арасында тура байланыстың болуы жемқорлық қатынастардың көріністеріне ықпал етеді.

Стандарттың 3-тармағына сәйкес мемлекеттік қызмет облыстың жергілікті атқарушы органдарымен көрсетіледі. Мемлекеттік қызмет көрсету үшін өтініш қабылдау және нәтижесін беру қызмет беруші арқылы жүзеге асырылады.

Өтініш тікелей қызмет берушінің кеңсесі арқылы берілген жағдайда қызмет алушы мен қызмет берушінің арасында тура байланыс орын алуы мүмкін, демек мемлекеттік қызмет көрсету кезінде заңсыз ілтипат көрсету түріндегі жемқорлық тәуекелге әкелуі мүмкін.

Осындай нормалар Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының «Өскемен қаласы бойынша білім бөлімі» ММ көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің барлық стандарттарында бар.

Ұсыныс:

1) Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының «Өскемен қаласы бойынша білім бөлімі» ММ басшысы жоғары тұрған басшылық алдында бейінді Министрлікте аталған қызметтерді «электрондық үкімет» веб-порталы және «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы арқылы алу тәсілін қарастыру туралы мәселесін көтеру ұсынылады.

4) Рұқсат беру қызметтерін жүзеге асыру;

Рұқсат беру қызметтерін орындау Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының «Өскемен қаласы бойынша білім бөлімі» ММ рұқсат беру қызметтерін жүзеге асырмайды.

5) Бақылау қызметтерін жүзеге асыру;

Бақылау қызметтерін орындау: Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының «Өскемен қаласы бойынша білім бөлімі» ММ бақылау қызметтерін жүзеге асырмайды.

6) Бөлімшенің ұйымдастыру-басқару қызметінен туындайтын басқа да мәселелер.

6.1 Жеке және заңды тұлғалардың арыз-өтініштері:

2020 жылы Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының «Өскемен қаласы бойынша білім бөлімі» ММ 563 арыз-өтініш келіп түскен: оның 433 жеке және 130 заңды тұлғалардан. 30 - Өскемен қаласы бойынша білім бөлімі басшысының жеке қабылдауына келіп түскен.

Азаматтардың арыз-өтініштерін қарау бойынша арыздар түскен жоқ.

Негізінен арыздар қамқоршылық және қорғаншылық, мектеп және мектепке дейінгі білім беру мәселелері бойынша түскен.

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне берілген жауаптарда қабылданған шешімге арыздану құқықтары туралы түсініктеменің болмауы жемқорлық тәуекелдердің пайда болуының бірден бір себебі болуы мүмкін.

Жеке және заңды тұлғалардың арыз-өтініштерін қарау барысында Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының «Өскемен қаласы бойынша білім бөлімі» ММ барлық жауаптарында қабылданған шешімге арыздану құқықтарына түсініктеме жасалған ақпараттардың болғаны анықталды.

ҚР 2007 жылғы 12 қаңтардағы № 221 «Жеке және заңды тұлғалардың арыз-өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 10-бабына сәйкес өтініштерге берілетін жауаптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сілтеме жасай отырып, мазмұны бойынша негізделген және дәлелді, мемлекеттік тілде немесе өтініш берілген тілде болуға, арыз берушінің қабылданған шешімге шағым жасау құқықтарын түсіндіре отырып, оның дәлелін жоққа шығаратын немесе растайтын нақты деректерді қамтуға тиіс.

Бұл мән-жайлар қабылданған шешімнің нәтижелерімен келіспеген кезде өтініш білдірушілердің мүдделерін қорғау кезінде кедергі болуы мүмкін және кейіннен жоғары тұрған уәкілетті органға немесе сотқа шағыммен жүгінген кезде мән-жайларды қиындатады. Жеке және заңды тұлғаларға қабылданған шешімдерге шағым жасау рәсімі түсіндірілмеген жағдай әкімшілік кедергілер

тудырады, бұл өз кезегінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің туындауының алғышарты болып табылады.

Ұсыныс: білім бөлімінің басшылығы тұрақты негізде бөлім қызметкерлері үшін Қазақстан Республикасының "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы" Заңының талаптарын мүлтіксіз сақтау туралы, қабылданған шешімге шағым жасау құқықтарын түсіндіру қажеттілігі туралы, өтініштерге жауаптарда осы талапты жазбаша түрде көрсете отырып, құқықтық кеңестер өткізсін.

6.2. Бөлімшеге қатысты мемлекеттік органдар бұрын жүргізген тексерулердің нәтижелері:

1. «Шығыс Қазақстан облысы бойынша тексеру комиссиясы» ММ тексеруі. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап 2019 жылдың 31 желтоқсан аралығы.

6.3. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар: аталған кезеңде Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының «Өскемен қаласы бойынша білім бөлімі» ММ бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланымдар шыққан жоқ.

6.4. Прокурорлық қадағалау актілері.

Өскемен қаласы прокуратурасының 04.09.2020 жылғы № 2-150107-20-09643 заңдылықтың бұзылуын жою туралы ұсынымының негізінде қорғаншылық және қамқоршылық органы, балалардың құқықтарын қорғау секторының инспекторы Қалижанова Г.Б. тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

6.5. Сот актілері.

Көрсетілген кезеңде Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Өскемен қаласы бойынша білім бөлімі" ММ қатысты Шығыс қазақстан облысы Өскемен қалалық сотының сот актілері жоқ.

6.6. Тәртіптік жауапкершілікке тарту.

Көрсетілген кезеңде Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінде және ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзғаны үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылған мемлекеттік қызметшілер мен білім беру ұйымдарының басшылары болған жоқ.

6.7. Қызметкерлерді көтермелеу, жариялылық және ашықтық.

Білім бөлімінің қызметкерлеріне сыйақы беру Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 тамыздағы № 1127 "Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен Қазақстан Республикасы органдары қызметкерлеріне сыйақы беру, материалдық көмек көрсету және лауазымдық айлықақыларына үстемеақылар белгілеу қағидаларын бекіту туралы" Қаулысына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 21 мамырдағы № 302 "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 "Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» қаулысына өзгертулер енгізу туралы» қаулысына сәйкес жүзеге асырылды, 2020 жылға арналған сыйақының жалпы сомасы 18 706 000 теңгені құрады.






6.8. Бюджетті қалыптастыруға қатысушыларды жауапкершілікке тартудың және жоспарлаудың барлық кезеңдерінде жауапкершіліктің аражігін ажыратудың тиімді тетігін құру

Өскемен қаласының білім беру бөлімі 2020 жылдың қаңтар-желтоқсан айлары аралығында мемлекеттік сатып алу веб-порталында студенттерге жеңілдетілген жол жүру билеттерін сатып алуға 17 857 120 теңге сомасына бір ашық конкурс жариялады.

Өткізілген сатып алудың жалпы сомасы 6 138 743 873 теңгені құрайды, оның ішінде 15 116 668 теңге бағалы ұсыныстарды сұрату тәсілімен сатып алынды. Бір көзден алу тәсілімен тікелей шарт жасасу арқылы жалпы сомасы 6 117 127 555 теңге, оның ішінде 4 783 547 000 теңге - мемлекеттік тапсырыс негізінде балабақша балаларын мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту бойынша тәрбие және білім беру қызметін жүргізу, сондай - ақ 1 149 523 800 теңге-мемлекеттік тапсырыс негізінде қосымша білім беру бойынша білім беру және тәрбие қызметін жүргізу. Арнайы тәртіп бойынша Конкурс жалпы сомасы 2 678 571 (екі миллион алты жүз жетпіс сегіз мың бес жүз жетпіс бір) теңгеге өткізілді.

Заңнамаға сәйкес тендерді ұтып алған тұлға, тауардың немесе жұмыстың толық сипаттамасымен бағасы туралы ақпарат мемлекеттік сатып алу веб-порталында көрсетілген goszakup.gov.kz.

Жұмыс тобының құрамы:

1. Маулетханов А.А. 
2. Тлеуханова Э.Н. 
3. Турарова Г.К. 
4. Шарипова Д.О. 
5. Нугуманова Д.Б. 
6. Ергалиев Б.Ж. 
7. Капезова Е.Ж. 

Аналитикалық анықтамамен таныстым:

Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының «Өскемен қаласы бойынша білім бөлімі» ММ басшысының м.а.

Алагузова С.Б. 